- развитие у обучающихся умений и навыков самоуправления в учебной и иной деятельности, отражающих функции управления: самоорганизация и самоконтроль учебной и самостоятельной деятельности; планирование и исполнение программ действий, служащих достижению цели (целей) и решению поставленных задач, выполнению заданий и т.д.; анализ и оценка полученных результатов познавательной и иной учебной работы; регулирование своей деятельности и поведения в учебном процессе и самостоятельной работе; самостоятельность;
- обеспечение профессионально-ориентированного процесса обучения;
- использование эффективных технологий и методов, служащих формированию компетенций и профессиональной компетентности обучающихся;
- управление процессом освоения обучающимися предлагаемых видов деятельности и действий, способствующих целостному познанию изучаемых объектов и окружающей действительности, эффективному достижению целей и поставленных задач;

- формирование ценностей, профессионального мышления, общей и профессиональной культуры, личностных и профессионально-значимых качеств личности обучающихся.

«Обеспечение» - подсистемы информационного, материально-технического, программного, методического, психологического, кадрового и иного обеспечения «входа», «образовательного процесса» и иных компонентов интегрированной системы образовательного процесса.

«Мониторинг». Наблюдение, контроль, оценка и прогноз состояния

образовательного процесса и иных компонентов указанной выше интегрированной системы образовательного процесса. и результатов подготовки будущих специалистов, формирования компетенций и профессиональных компетентностей, развития социальных и профессионально-значимых качеств обучающихся.

Представленная выше интегрированная система образовательного процесса иллюстрирует специфический принцип системности организации образовательного процесса на основе системного подхода.

В вузовском образовании практически отсутствуют различия в профессиональной подготовке педагога-исследователя и педагога практика; невозможно использовать научно сформированные знания непосредственно в педагогической практике (методическая работа необходима для перевода образовательных знаний в профессиональные); многие дисциплины преподаются как научные, академические без практической ориентации; преобладают традиционные академические формы обучения студентов. В ситуации стремительно меняющейся системы образования, когда деятельность педагога не имеет четкого алгоритма, от него требуется высокая отдача. Если же педагог сам не приложит достаточно усилий, то в дальнейшем он не будет достаточно подготовлен для ведения педагогической деятельности в реальных условиях современной системы образования. В настоящее время компетентностный подход является приоритетным, направленным на развитие всех аспектов компетентности выпускников вуза. По мнению В.И. Байденко под понятием «компетентный подход» подразумевается внедрение системы схожей европейским «обучением на основе компетенций» [1, с. 3].

Так, анализируя сложившуюся ситуацию с терминологией, мы выяснили, что использование их как дань моде повлекло упрощенное толкование и даже отказ от них и возвращение к классическим прототипам (уровень подготовленности выпускника и учебные умения). Для перспективы развития содержания образования понадобились производные от обсуждаемых терминов во множественном числе (в иностранном оригинале они даются в единственном числе) [2, с. 45].

Обобщим определения, под «компетенцией» понимается как:

- социальная потребность, с ее помощью определяется подготовка обучающегося, без которой невозможна продуктивность в процессе дальнейшей деятельности;
- комплексная концепция интеграции, для нее характерно желание реализации навыков и знаний человеком, который будет применен для решения разного рода проблем;
- общее действие, именно данный фактор способствует реализации приобретенных навыков и их дальнейшего воплощения на практике.

В основе компетенции лежит способность к деятельности – совокупность методов – действий, которые заключаются в умении человека применять свои знания на практике. Таким образом стало ясно, что представленные выше определения также опосредованы категорией деятельности, практической или профессиональной, ее сфер, которые, при условии сформированности компетенции у специалиста, приобретает характер «эффективной» или «продуктивной». Современные исследования уточняют понятие «компетенция». С.И. Змеёв дает двойное определение: во-первых, это объективные требования, предъявляемые к человеку, выполняющему определенную деятельность; и во-вторых, способность выполнять действия и функции субъекта определенного вида деятельно-



сти, основываясь на необходимых знаниях, навыках, личностных характеристиках и ориентации на ценности [4]. М.С. Семидель интерпретирует это уже как комбинацию особенностей и требований (знания, их применение, навыки, обязанности, личностные качества), установленных для подготовки специалистов, которые представляют собой набор потенциальных черт выпускника, ориентированных на будущую профессиональную деятельность [5]. О.Н. Ярыгин показывает значительную краткость: компетенция – это круг проблем, которые необходимо решать в сочетании с критериями достижения цели действия [6].

На наш взгляд компетенции являются процессуальным понятием, т. е. они как проявляются, так и формируются в деятельности; они возникли из потребности в адаптации человека к слишком быстро меняющимся условиям. Компетентность – это интегрированная концепция, которая описывает не только элементы системы, но и связь между ними. Компетентность возникает и развивается в точке соприкосновения человека и мира, описывает потенциал, который проявляется ситуативно, поэтому она может служить основой для оценки только поздних результатов образования. Также компетентность описывает инструменты понимания и действия, которые позволяют обществу воспринимать новые культурные, социальные, экономические и политические реалии. Таким образом, на основании терминологического анализа можно сделать вывод, компетенция не сводится к знаниям или умениям, она является сферой отношений, существующих между знанием и действием в практике. Следует отметить, что большинство отечественных авторов применяют интегративный подход, понимая профессиональную компетентность как характеристику, которая объединяет профессиональные и личностные качества учителя, отражая уровень знаний, навыков, опыта, необходимых для решения профессиональных задач, выполнения профессиональных педагогических функций. Учитывая все нормы и стандарты, последнее определение будет лучшим образом охватывать все стороны вопроса, учитывая современные реалии. Таким образом, формирование профессиональной компетентности и компетенций обучающегося, так же как и процесс профессионального образования, являются сложными интегрированными объектами педагогической действительности, для целостного познания и осуществления которых необходим системный подход. Реализацию системного подхода в профессиональном образовании мы рассматриваем как фактор эффективного формирования профессиональной компетентности и компетенций обучающихся. Этот феномен принимается нами в качестве ключевого специфического принципа обеспечения качества и эффективности обучения и подготовки будущих специалистов.

### Список использованной литературы

- 1 Байденко В.И. Компетенции: к освоению компетентностного подхода / В.И. Байденко. – М.: Исслед. центр проблем качества подгот. специалистов, 2004. – 30 с.
- 2 Дахин А.Н. Моделирование компетентности участников открытого общего образования: автореф. ... на соискание ученой степени доктора пед. наук: 13.00.01: защищена 21.10.2010 / Дахин Александр Николаевич. – Новосибирск: ГОУ ВПО «Новосибирский государственный педагогический университет», 2010. – 44 с.
- 3 Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании / И.А. Зимняя. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – 38 с.
- 4 Змеёв С.И. Компетенции и компетентность преподавателя высшей школы / С.И. Змеёв // Педагогика. – 2016. – № 5. – С. 69-74.
- 5 Семидел М.С. «Компетентность» и «компетенция» как концептуальные понятия компетентностного подхода в образовании / М.С. Семидел // Журнал научно-педагогич-



ческой информации. – 2016. – № 12. – URL: <http://www.paedagogia.ru/2011/72-12/248-semidel>.

6 Ярыгин О.Н. «Компетентность» и «компетенция» как эмерджентные свойства деятельности человека / О.Н. Ярыгин. – Вектор науки ТГУ. – 2011. – № 1-15. – С. 345-348.

**УДК 378.146:81'243-13(045)**

## **МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К РАЗРАБОТКЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ БАКАЛАВРИАТА ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ**

*Е.С. Михно, магистрант*

*Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, г. Нур-Султан*

В условиях нарастающей глобализации социально-экономической и культурно-политической жизни мирового сообщества изменяется и научная парадигма казахстанского образования. Кроме того, проблема перепроизводства специалистов с высшим образованием выглядит совершенно по-иному: даже не имея возможности устроиться по специальности, они должны иметь больше возможностей на рынке труда.

Методология, как учение о структуре, методах и средствах деятельности составляет необходимый компонент исследования проблемы, при этом становится предметом осознания и развития содержания профессионального образования. Методологические основы исследования проблемы профессионального развития выпускников технического университета определяются идеями и глубиной методов познания и преобразования действительности, которые могут быть зафиксированы в форме нормативных положений, в виде описаний – учебно-методических документов. Основной функцией методологического знания является внутренняя организация и регулирование познания процесса профессионального развития.

Теоретическое осмысление данных вопросов позволяет осуществить практическое решение профессиональных задач выпускников технического университета. Для разработки теоретико-методологических обоснований организации образовательного процесса, профессиональной деятельности выпускников технического университета определялись научные подходы в контексте достижений современной теории и практики. В этой связи приоритетным направлением в обучении иностранному языку бакалавриата технического университета признается профессионально-ориентированное обучение, которое предполагает формирование у обучающихся способности иноязычного профессионального общения.

Методологическую основу исследования составляют фундаментальные для педагогики и психологии теории личностно-ориентированного, деятельностного, компетентностного подходов, теория о целостном педагогическом процессе, теория личности, теория компетентностного образования и управления, принципы системности, развития, единства внешнего и внутреннего, а также принцип единства теории – эксперимента – практики.

Компетентностный подход к подготовке специалиста является актуальной проблемой обеспечения качества образования и будущего современного социума. Одновременно это важное направление работы субъектов образования, что подтверждает Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 гг.: «одним из приоритетных направлений образовательной политики является переориентация образовательного процесса на реализацию компетентностного подхода» [1].

Ключевые компетенции (познавательные, общественные, информационные и другие компетенции) как основа для построения учебных планов и программ общего образования предложены Советом Европы.

Так, ключевая компетенция (определение по А. Хуторскому) - это приобретаемое в результате обучения новое качество, увязывающее знания и умения со спектром интегральных характеристик качества подготовки, в том числе умение применять полученные знания и умения на практике [2, с. 58-64].

Ключевые компетентности необходимы для деятельности в различных областях. Поэтому в их формировании заинтересован социум. Выделение ключевых компетентностей зависит от ценностей, принятых в обществе, от представления об успешности человека в экономической, эстетической, личностной сфере [3, с. 45].

По мнению Н.Розова, введение понятия компетентности, с одной стороны, могло бы ассимилировать новые открытия и разработки, касающиеся человеческого познания и практики, а с другой, позволило бы определять образовательные требования в каждом классе педагогических ситуаций (для каждого типа, профиля, ступени образовательных систем) [4, с. 137].

В качестве центрального понятия ценности, цели и результата образования все чаще выступает понятие компетентности. Компетентность, во-первых, объединяет в себе интеллектуальную и навыковую составляющие образования; во-вторых, в понятие компетентности заложена идеология интерпретации содержания образования, формируемого «от результата» (стандарт «на выходе»); в-третьих, компетентность обладает интегративной природой, так как она вбирает в себя ряд однородных или близкородственных умений и знаний.

Ключевые компетенции необходимы для любой деятельности, они связаны с успехом личности в быстро меняющемся мире. Ключевые компетентности приобретают сегодня особую значимость. Специальные компетентности отражают специфику конкретной предметной или метапредметной сферы деятельности. Специальные компетенции можно рассматривать как реализацию ключевых и базовых компетентностей в области учебного предмета.

Основываясь на том, что профессионально-ориентированная система обучения бакалавриата иностранному языку в техническом университете основана на формировании профессионально-ориентированной иноязычной коммуникативной компетентности, мы рассматриваем данный вид компетентности как способность и готовность будущего профессионала к сложной речевой деятельности, обусловленной профессиональными информационными возможностями и потребностями. Данная компетентность представляет собой специфическую форму профессионально-ориентированного общения и диалога, основными целями которого являются: оперативная ориентация, поиск, прием, присвоение и последующее целевое применение профессиональных знаний на основе вербализации фрагментов когнитивного, социокультурного языкового пространства.

В организации научного исследования проблемы обучения бакалавриата иностранному языку в техническом университете одним из основных является системный подход, позволяющий выявить свойства и существенные характеристики изучаемых явлений и предметов. Определение сущности целей, содержания, методов, форм, средств, материально-технической базы каждого компонента профессиональной системы обучения бакалавриата иностранному языку в техническом университете осуществляется на основе именно системного подхода. Проблема системности получила достаточно полное отражение в работах философов А.Н.Аверьянова, В.Г.Афанасьева, В.П.Кузьмина, Л.Н. Науменко и др., анализирует О.С. Анисимов основы методологического мышления [5].

Системный подход — это общенаучный метод анализа всех факторов, влияющих на изучаемое педагогическое явление, которое необходимо учитывать перед принятием того или иного решения. Системный подход успешно используется в рамках педагогической

технологии. Научные взгляды В.П.Беспалько дают нам основание полагать, что системный подход должен быть положен в основу любой педагогической технологии, воспроизводимость и планируемая эффективность которой целиком зависят от ее системности и структурированности [6].

Рассматривая системный подход как один из основополагающих в нашем исследовании, мы должны рассмотреть общие принципы и закономерности, выявить условия, при которых системы различной природы (социальные в том числе) становятся способными к самоорганизации [7].

В фундаментальном исследовании С.И. Архангельского процесс обучения в высшей школе описан как управляемая система. Она состоит из целей и задач системы в целом (они определяют исходное, промежуточное и результативное состояния системы), учебного процесса (средства, формы и методы воздействия на систему в соответствии с целями и моделируемым оптимальным результатом), алгоритма управления, указывающего на определенные управляющие воздействия во времени при моделируемых изменениях системы, обратной связи. Для целостного понимания реализации системного подхода важное значение имеет понятие самоорганизации. Под самоорганизацией понимают процесс создания, воспроизведения или совершенствования сложной динамической системы. Установлено, что процессы самоорганизации характерны для систем, обладающих высоким уровнем сложности, которые характеризуются: а) наличием большого количества элементов; б) определенной взаимосвязью между ними, которая имеет не жесткий, а вероятностный характер; в) образовательными отношениями, имеющими нестабильный, неустойчивый характер, что наиболее полно отражает их человеческую сущность [8].

Мы полагаем, что при разработке профессионально-ориентированной системы обучения бакалавриата иностранному языку в техническом университете необходимо основываться на деятельностном подходе, который раскрывает цели, средства и результат деятельности педагогов, студентов, их взаимодействие, взаимообусловленность. Мы склонны считать, что разносторонне развитая личность формируется в разнообразных видах деятельности. Реализация этого подхода предполагает моделирование целевой структуры педагогической деятельности в обучения бакалавриата иностранному языку.

Профессионально-деятельностный подход предполагает, чтобы процесс обучения бакалавриата иностранному языку, по возможности, моделировал их профессиональную деятельность.

Одним из основных в контексте нашего исследования мы выделяем профессионально-ориентированный подход к обучению иностранного языка в технических вузах, который предусматривает формирование у студентов способности иноязычного общения в конкретных профессиональных, деловых, научных сферах и ситуациях с учетом особенностей профессионального мышления.

С точки зрения профессионально-деятельностного подхода профессионально-ориентированное обучение предусматривает профессиональную направленность не только содержания учебных материалов, но и деятельности, формирующей профессиональные умения. Профессиональная направленность обучения требует интеграции иностранного языка с профильными дисциплинами, тщательного отбора содержания учебных материалов.

С точки зрения разработки профессионально-ориентированной системы обучения бакалавриата иностранному языку в техническом университете актуальным является субъектный подход. С позиций субъектного подхода обучающийся становится активным участником образовательного процесса, способным оказать на него существенное влияние, перестроить его в соответствии с потребностями своей личности, интересами саморазвития. Он - не средство достижения целей общества и государства, он самоценен, поэтому свойства личности не «задаются» преподавателем, в соответствии с нормативами, а «востребуются», поскольку они изначально заложены в качестве потенциала его личностного и профессионального развития.

При разработке профессионально-ориентированной системы обучения бакалавриата иностранному языку в техническом университете применяется и аксиологический (ценностный) подход к изучению социальных явлений. Сегодня формирование целостной личности специалиста требует внедрения аксиологических оснований нового мироотношения. В частности, обращения в педагогической практике к таким ценностям, как духовная жизнь человека, духовный мир, духовные отношения, духовная деятельность, духовность и т.п.

В соответствии с рассмотренными нами методологическими подходами, рассмотрим несколько направлений их реализации:

- использовать на занятиях по иностранному языку материалы, знакомящие с базовыми понятиями специальности, будущей профессиональной деятельности;
- на занятиях по иностранному языку создавать ситуации, в которых студенты могли бы использовать полученные теоретические знания по специальности для решения практических проблем;
- использовать материалы, уже известные студентам, но представленные с другой точки зрения;
- быть готовым к тому, что студенты могут исправлять ошибки преподавателя;
- обеспечить взаимодействие с выпускающей кафедрой, с целью использования помощи преподавателей-предметников, как для подготовки к занятиям, так и во время их проведения («преподавание в команде»).

Таким образом, проведенный анализ существующих подходов к определению понятия «формирование языковой компетентности», позволил определить его как процесс, направленный на формирование активной и творческой личности будущего специалиста, способного успешно применять лингвистические знания в будущей профессиональной деятельности, и предполагающий приобретение специальных знаний и навыков, способствующих его профессиональному развитию в технических областях науки и производства. Данный процесс предусматривает не только обучение иностранному языку как средству общения и передачи студентам социально и профессионально значимой информации, - но и формирование многоязычной личности, вобравшей в себя ценности родной и иноязычной культур и готовой к межкультурному общению.

### Список использованной литературы

- 1 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана, 2010.
- 2 Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно ориентированной парадигмы образования // Народное образование. 2003. - №2. - С. 58-64.
- 3 Дахин А.Н. Компетентностное обучение // Школьные технологии.- 2009.- № 5.- С. 45-55.
- 4 Розов Н.С. Философия гуманитарного образования. Ценностные основания базового гуманитарного образования в высшей школе. – М., 1993. -193 с.
- 5 Анисимов О.С. Основы методологического мышления. - М: Всероссийская высш. шк. управления АПК РСФСР, 1989. - 412 с.
- 6 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Педагогика. - 1989. - 192 с.
- 7 Клочко В.Е. Самоорганизация в психологических системах: проблемы становления ментального пространства личности (введение в трансспективный анализ). – Томск: Изд-во Томского государственного университета, 2005. – 174 с.
- 8 Бондаревская Е.В, Кульневич С.В. Парадигмальный подход к разработке содержания ключевых педагогических компетенций // Педагогика. – 2004. – №10. - С.23 – 31.



## БҚО-ДАҒЫ БҰЛДЫРТЫ ӨЗЕНІ БАССЕЙІНДЕ ТАРАЛҒАН КҮРДЕЛІГҮЛДІЛЕР(ASTERACEA) ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ ФЛОРИСТИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

*Анатолий Р.Қ., 1 курс магистранты  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Орал қ.*

Біздің зерттеулі ауданымыз Евразиятық дала зонасына, құрғақ бос шөпті ақселеулі және шөлейтенген жартылайбұташықты жусанды – бетегелі – селеулі дала [2 ].Біздің зерттеу объектіміз БҚО-ның шығыс бөлігінде орналасқан Бұлдырты өзені бассейінде таралған күрделігүлділер тұқымдасы(Asteraceae). Зерттеу объектіміздің жалпы ұзындығы 258 км,8 саладан тұрады. Бұлдырты өзені GPS N 50° 34'617 E 53°62'336 – Оралүстірті бор алабының Былқылдақ батпақты жері арасында жатқан Былқылдақ және Жосалы сайларының қосылған жердегі, Ақсуат ауылынан солтүстік батысқа қарай 1 км жерден басталады да, ауданның оңтүстігінде Жетікөл ауылынан оңтүстікке қарай 10 км жердегі Жалтыркөл көліне құяды. Су жиналатын алабы 4660 км<sup>2</sup> [1].

Біздің негізгі зерттеу объектіміз - Бұлдырты өзені бассейінің флористикалық құрамы. Бұлдырты өзені бассейінің жалпы ұзындығы арналарға бөлінеді, орталық терраса жайылмаларымен әртүрлі фрагмент субстраттарынан тұрады (бор, мергель, құм және әртүрлі балшықтар).Өзеннің барлық бөлігінде рельефі,топырақ құрамының микроклиматы әртүрлі. Сондықтан флористикалық құрамын анықтағанда біз әртүрлі өсімдік түрлерінен 336 түр, 65 тұқымдас, 205 туыс. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде күрделігүлділер тұқымдасының 33000,ТМД елдерінде 20000 түрі бар.Қазақстан территориясында 700 түрі таралған. В.В.Ивановтың (1966) қолжазбаларында күрделігүлділер тұқымдасының 220 түрі Солтүстік Каспий маңының (БҚО, Атырау, Ақтөбе облыстары) барлық өсімдік флорасының 14,6% алады. Солтүстік Каспий маңында таралған күрделігүлділер Қазақстан флорасының 31 %, Бұлдырты өзені бассейінде Солтүстік Каспиймаңы өсімдік флорасының 19% алады[3].



Сурет 1- Сырым ауданы территориясындағы Бұлдырты өзені



Өзен бастауы мен сағаларында тұқымдас өкілдері өте иілімді түрде араласып таралған. Туыстық спектр бойынша тұқымдастар арасынан саны жағынан ірі туыстарға: *Artemisia* – 10(15,2%), *Inula* - 4 (6,5%), *Achillea* - 4 (6,5%), *Lactuca* - 3 (5%), *Sonchus* - 3(5%), *Galatella* – 2(3%), *Tanacetum* – 3(5%), *Petasites* – 2(3%), *Carduus* – 3(2%), *Chartolepis* - 3(5%). Негізгі доминантты бастаушы туыстар 1,5 %. Көріп тұрғандай туыстарды санауда құраушы 36туыс, барлық түрдің 55,3% алады.

Біздер биоморфологиялық анализ талдау кезінде Серебряков (1964) әдісі бойынша көпжылдық шөптекті поликарпикті негізгі деген 52 түрді алдық. Биологиялық сипаттамасы бойынша ұзынтамырсабақты, қысқатамырсабақты, кіндіктамырлы түрлеріне тоқталамын[4].

Қысқатамырсабақтыларға 15 (23%) түрлі өсімдік жатады. Сары алтыншыбық (*Solidago virgaurea* L.), Түкті қашқаргүл (*Aster amellus* L.), Татар далазығыры (*Galatella tatarica* Less.), Құм салаубас (*Helichrysum arenarium* (L.)), Биік аңдыз (*Inula helenium* L.), Кәдімгі мыңжапырақ (*Achille millefolium* L.), Мың жапырақты түймешетен (*Tanacetum achilleifolium* (Bieb.)), Ермен жусан (*Artemisia vulgaris* L.).

Кіндіктамырлы 12 (18,75%) түр - Ащы жусан (*Artemisia absinthium* L.), Жұмырбас лақса (*Echinops sphaerocephalus* L.), Ақжапырақ немесе кекіребас (*Jurinea polyclonos* (L.) DC.), Маршал тұқашы (*Chartolepis marschalliana* Spreng.), Орташа тұқаш (*Chartolepis scabiosa* L.), Кәдімгі шашыратқы (*Cichorium intybus* L.), Кәдімгі бақбақ (*Taraxacum officinale* Wigg.).

Ұзынтамырсабақты 10(15,6%) - Британ аңдызы (*Inula britannica* L.), Герман аңдызы (*Inula germanica* L.), Балуаншөп (*Achille ptarmica* L.), Үлкен ақбақай (*Petasites hybridus* (L.)), Жалған ақбақай (*Petasites spurius* (Retz.) Reichenb.), Тікенқурай бояуыш (*Carduus oleraceum* (L.) Scop), Жатаған кекіре (*Acroptilon repens* (L.) DC.).

Флористикалық құрам бойынша біржылдық шөптекті монокарпикті 25 түрі ұсынылды (38,8%). Зерттеулі өзеніміздің негізгі қоректену ортасына арамшөптік ластану қаупі бар.

1) Біржылдық 13 (20%) - Ақшайыр аласы (*Gnaphalium uliginosum* L.), Жатаған бүргешөп (*Pulicaria vulgaris* Gaertn.), Теңбілгүл (*Cyclachaena xanthiifolia* (Nutt.) Fresen., Жусанжапырақты ойраншөп (*Ambrosia artemisiifolia* L.), Тікенді сарысою (*Xanthium spinosum* L.), Бүрметікенді сарысою (*Xanthium strumarium* L.), Үш тармақ итошаған (*Bidens tripartita* L.).

Екіжылдық 12(18,75%) - Сарғылт әлен (*Crepis tectorum* L.), Сібір сүтжапырағы (*Lactuca verucosa* L.), Жабайы сүтжапырақ (*Lactuca serriola* L.), Бурыл жерсағыз (*Chondrilla juncea* L.), Тікенді шағыртікен, ошаған (*Onopordum acanthium* L.)

Жартылай бұталы 6 (9%) - Дәрілік жусан (*Artemisia abrotanum* L.), Құм жусаны (*Artemisia arenaria* DC.), Маршаллов жусаны, көкшағыр (*Artemesia marshalliana* L.), Австрия жусаны, бөрте жусан (*Artemesia austriaca* Jacq.), Ермен жусан (*Artemisia vulgaris* L.), Лерхов жусаны (*Artemesia lerchiana* Web.), Қара жусан (*Artemesia pauciflora* Web.)

Біздің далалық зерттеулеріміздің нәтижесінде зерттелген аудан бойынша анықталған топтардың ішінде ең көп ерекшеленген – малазықтық, тағамдық, дәрілік, балжинаушы, эфир майлы өсімдіктер, инсектицидтік, улы өсімдіктер тіркелді. Солардың ішінде ең көп кездесетіндерге күрделігүлділер тұқымдастардан – *Artemisia*, *Senecio*, *Inula* туыстары жатады. Шаруашылық топтарына анализ жасау кезінде өсімдік флорасының 7 тобын анықтадық.

- Эфирлі-майлы өсімдіктер едәуір көп (24;36%). Эфирлі майдың жинақталуының ең көп саны *Artemesia marshalliana* L., *Artemesia austriaca* Jacq., *Gnaphalium uliginosum* L., *Inula salicina* L., *Achillea nobilis* L., *Artemisia arenaria* DC. және т.б. сияқты түрлерде анықталған. Эфир тасушылардың 10 түріне жуығы фармацевтикалық өндіріс пен ароматерапияда қолданыс табады.

- Малазықтық (16; 25%) - *Galatella punctate* (Waldst.et Kit.) Ness, *Achillea millefolium* L., *Artemisia absinthium* L., *Sonchus arvensis* L.

- Дәрілік өсімдіктерге (15;23% ) - *Tanacetum vulgare* L., *Artemisia absinthium* L., *Artemisia vulgaris* L., *Melilotus officinalis* (L.) Pall., *Hypericum perforatum* L., *Thymus marschallianus* Willd., *Cichorium intybus* L. және тағы басқалар. Қалған түрлер фармацевтикалық жинақтаушы өсімдіктерді алмастырушы, халық медицинасындағы түрлер болып табылады.

- Тағамдық (7;10%) - *Inula helenium* L., *Bidens tripartita* L., *Artemesia dracunculus* L., *Carduus crispus* L., *Cichorium intybus* L.

- Зерттелген аудандар бойынша инсектицидті (5;7%) өсімдіктер өте аз тіркелген. Олардың қатарына *Tanacetum vulgare* L., *Taraxacum officinale* Wigg., *Helichrysum arenarium* (L.) Monech, *Inula britannica* L. *Pulicaria vulgaris* Gaertn., түрлерін жатқызамыз.

- Улы өсімдіктер (3;4% ) - *Conyza canadensis* L., *Tragopogon dubius* Scop, *Gnaphalium uliginosum* L.

Зерттеу жұмысының қорытындысында біздің негізгі міндетіміз Бұлдырты өзені бассейнінде күрделігүлділер тұқымдасының флористикалық құрамын ашу. Бұлдырты өзенінде Күрделігүлділер өзеннің бастауы мен сағаларында әртүрлі таралған. Биоморфологиялық қатынастар бойынша басымдылық көрсеткен шөптекті поликарпикті түрлер 52 (61,2%) және монокарпикті біржылдық 25 (38,8%) түрлер. Аталған түрлердің арасында үлкен көлемде ерекшелік көрсететін біржылдық арамшөптер болды. Олардың басты себебі күшті антропогендік факторлардың әсер етуі болды.

Шаруашылық спектр бойынша өзен жайылмасы мен аңғарларында басымдылық көрсеткен - эфирлі-майлы өсімдіктер едәуір көп (24;36%), малазықтық (16; 25%) улы өсімдіктердің үлесі аз байқалды (3;4%).

### Пайдаланған әдебиеттер

1 Modeling soilerosion in the Chagan river basin of the west Kazakhstan with using RUSLE and GIS tools//Darbayeva,T; Ramazanova,N; Chashina,B; Berdenov,Zh; Mendybayev,E; Journal of Environmental Biology, в.сп. Special Issue;Lusknow Tom41, Изд.2,(Mar 2020):396-404. DOI:10.22438/jeb/41/2(Si)/JEB-18

2 Лавренко Е.М. //Степи Северной Евразии.-Москва 1990.-230 с.

3 Иванов В.В. Сложноцветные Северного Прикаспия // Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия. - Л., 1966, Вып. 2, ч. 3. -б. 1-142.

4 Ботаника с основами фитоценологии: Анатомия и морфология растений / [Т. И. Серебрякова, Н. С. Воронин, А. Г. Еленевский и др.]. — М.: ИКЦ «Академкнига», 2006. — 543 с.

5 Абдулинна С.А. Список сосудистых растений Казахстана Под редакцией Р.В.Камелина.-Алматы, 1998.-187 с.

6 Черепанов С.К. Сосудистые растения России и сопредельных государств.Москва 1995.-992 с.

7 Қалиев Б.-Өсімдік атаулары.Орысша-қазақша сөздік.Алматы «Ана тілі», 1993 ж.,103 б.

8 Қожабеков М., Қожабекова Г. Дәрілік өсімдіктер. – Алматы, «Қазақстан»- 1982. – С.3-5

9 Лотова Л. И. жоғары өсімдіктердің морфологиясы және анатомиясы. — М.: УРСС, 2010. - 512 п.

Электрондық ресурстар

1 <https://www.plantarium.ru/page/view/item/21450.html>

2 <https://ru.wikipedia.org/wiki>

3 <https://yandex.kz/>

4 <https://www.botsad.kz/>

5 <https://www.gov.kz/memleket/entities/>

## ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Кенесова А., 1 курс магистранты  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.*

Қазіргі кезде оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесінде педагогикалық технологиялардың сан алуан түрі қолданылады, солардың бірі өзектілігі мен тиімділігін жоғалтпаған топтық оқыту технологиясы. Осы технология төңірегінде көптеген әдіс-тәсілдер шығарылуда, алайда сол топтық жұмыстарды тиімді ұйымдастыруда мұғалімнің іс-әрекеті әлі де толыққанды зерттеуді талап етеді.

Топтық жұмыс технологиясын сабақ үдерісінде қолданудың бірнеше артықшылықтары бар:

1. Сабақ тақырыбы төңірегінде терең білім алу.
2. Бәсекелестік, көшбасшылық, шығармашылық секілді қабілеттердің қалыптасуы.
3. Оқушылардың оқу үлгерімінің жақсаруы.
4. Сабаққа қызығушылықтың оянуы.
5. Оқушының тәуелсіз жұмыстану дағдысының қалыптасуы.
6. Берілген топтық тапсырманы немесе проблемалық сұрақты шешуде сыни ойлау дағдысының дамуы [1].

Топтық оқытудың қазіргі таңдағы маңыздылығы мен өзектілігіне қарамастан, оның теріс тұстарын да байқауға болады:

1. Шағын топтарда жұмыстанатын оқушылардың мүмкіндіктерін жеткіліксіз бағалау;
2. Топтық оқытуда сыныптағы барлық оқушылардың сабаққа қатысу деңгейін бағалаудың қиындығы;
3. Бірігіп оқыту үдерісінде оқушылардың шамадан тыс шулауы [2].

Топқа бөлінген оқушылардың тапсырманы орындауда бірдей деңгейде белсенділік танытуын бақылау қиындық туғызады. Оқушылардың барлығы бірдей емес, әрқайсысының өзіне тән мінезі, темпераменті болады, бірі көшбасшылық қасиеті арқылы топты басқарса, ал екіншісі бәсекелестік қасиеті арқылы өзгелермен жарысқа түседі, ал енді бірі тұйық мінезді болып, өзгелермен қарым-қатынасқа көп түспеуі де мүмкін [3,4]. Сонымен қоса, сыныптастарының арасында танымалдылыққа ие, сабақ үлгерімі озық оқушылар топта жақсы белсенділік көрсетеді және өзгелерге ықпалын көбірек тигізе алады, ал керісінше, осы берілген критерийге сай келмейтін оқушылар топта аз сөйлейді, ұсыныстарды аз айтып, пікірімен сирек бөліседі. Кохен және Лотан есімді ғалымдар, бұл мәселенің шешімі ретінде өзіндік ұсыныстарын білдірген болатын, ең алдымен, мұғалім топтағы әр оқушыны мұқият қадағалағаны абзал, соның ішінде тұйық оқушыларды. Мұғалім берілген топтық тапсырманы орындауда көптеген қабілеттің қажеттігін жиі айтып отыруы керек (көпке мәлім, тек бір оқушының бойынан барлық қажетті қабілетті табу қиынға соғады), оған қоса, “бірігіп көтерген жүк жеңіл”- демекші, топқа берілген әр тапсырма бірлікпен шешілуі қажеттігін де айтқан абзал. Тапсырма соңында жақсы көрсеткіш көрсетіп, белсенді болған оқушыларды мақтап қана қоймай, өзге оқушылардың да ерекше қабілетін айтып, басқалардың алдында жиі мақтаңыз [5].

Топ болып біріккен жерде келіспеушіліктердің болуы ғажап емес. Мұндай жағдай туындағанда оқушылар берілген тапсырманы ұмытып, туындаған кикілжіңді шешуге ұмтылуы мүмкін, бұл өз кезегінде топтық жұмыстың уақытын алады. Келіспеушіліктің туындауына себеп болатын жағдайлардың бірі, ол дәрекі қарым-қатынастың болуы.

Мәселен, егер де оқушы өзгенің айтқан пікірімен келіспейтін болса, онда “сенің пікірің қате” деп айту дәрежелік болып саналады, оның орнына “Менің ойым өзгеше”, “Мен басқаша ойлаймын”, “Бірге ойланып, бір шешімге келейік” деген секілді жауаптар арадағы түсініспеушіліктердің алдын алады. Ал, бұл ережелермен оқушылар топтық жұмыстың алдында танысқаны абзал [6,7]. Оқушыларды топтық жұмысқа дайындау өте маңызды. Топтық жұмысты бастаудың алдында мұғалім топта қалай жұмыстану керектігін, қандай ережелерді ұстану қажеттігі мен оқушылардан не талап етілетіндігін нақты көрсеткені абзал. Мәселен, топтық жұмыстың маңызды ережелерінің қатарына: топта белсенділік танытып, өзгелерді мұқият тыңдау, өзгенің ұсынысы мен ой-пікіріне конструктивті баға беріп, топтық жұмысты дұрыс бағалауды жатқызуға болады [8,9]. Кейбір әлеуметтік психологтардың пайымдауынша, топ мүшелері топтағы қарым-қатынас туралы талқылап, топтық жұмысты дамытуда ұсыныстарын ортаға салғаны дұрыс. Себебі, сол арқылы оқушылар топта туындаған мәселелерді шешуге, келесіде оны болдырмауға тырысады [10].

Мұғалім топтағы әр оқушыға рөл беру арқылы топтық жұмыстың тиімділігін арттыра алады. Мәселен, топтың көшбасшысы, ол алынған материалды қорытындылайды, топтағы жұмысты қадағалайды. Топтың белсенді тыңдаушысы топтағы әр оқушының ойын тыңдап, жинаған мәліметтерін саралап, қате тұстарын дұрыстайды. Келесідей рөлдерді топқа ұсынуға болады:

1. Лидер (ұйымдастырушы-басқарушы)
2. Оппонент (қарсылас)
3. Лидердің көмекшісі (атқарушы)
4. Күмәншіл адам (баға беруші-бақылаушы) [2].

Топ мүшелеріне рөлді бөлу мұғалімнің тікелей қатысумен немесе оқушылардың таңдауымен жүзеге асырылады. Өзара жұптық оқыту барысында сабаққа үлгерімі жақсы оқушы мен үлгерімі нашар оқушыны бірге отырғызған абзал. Бұл тұста үлгерімі жақсы деңгейдегі оқушы мұғалім рөлінде болуы шарт, сол кезде ғана үлгерімі нашар оқушы сабақта түсінбей қалған тұстарын мұғалім рөліндегі оқушыдан сұрақ қою арқылы сұрап, оқу деңгейін көтере алады, ал өз кезегінде мықты оқушы өзгені оқыту арқылы тақырыпты тереңірек түсінеді. Оқу үлгерімі әлсіз оқушылар сабақта тақырыптың түсінбеген тұстарын мұғалімнен сұрауға қысылуы әбден мүмкін, ал сыныптасымен бірге жұмыстанатын болса, сабаққа қызығушылығы артып, тақырыпты жақсы деңгейде меңгеруге мүмкіндік алады. Осындай өзара көмек пен қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылатын жұптық жұмыс топтық оқытудың тиімділігін сөзсіз арттырады [11].

Сабақ үдерісінде топтық жұмысты ұйымдастыруда топтың маңызды екі түрін ажыратып көрсетуге болады. Олар:

- Гомогенді топ (зияткерлік даму деңгейі бірдей дәрежедегі оқушылардан тұрады).
- Гетерогенді топ (білім деңгейі жоғары және төмен оқушылардан тұрады).

Тұлғааралық қатынас пен зияткерлік тәжірибенің әртүрлілігі тұлғаның дамуында маңызды рөл атқарады. Сол себепті, оқушы әр түрлі топтарда жұмыстанудан тәжірибе алғаны дұрыс. Бұл тұста оқушының гомогенді және гетерогенді топтарда жұмыстанып көргені жөн болады. Сабақтың мақсатына және міндеттеріне қарай топтың бір түрін таңдауға болады. Егер де, оқу бағдарламасы бойынша сабақтың тақырыбы күрделі болса, онда оқушыларды гетерогенді топтарға жіктеген дұрыс, сол арқылы оқушылар бір-біріне көмектесе алады және тақырып жақсы деңгейде меңгеріледі. Ал егер, оқу материалы игерілуге жеңіл болатын болса, оқушыларды гомогенді топтарға бөлуге болады. Сабақ үлгерімі төмен және орташа деңгейдегі оқушылардан тұратын топтарға сабақтың мақсатына сәйкес тапсырмаларды беріп, кітаптағы ақпаратпен танысуды ұсынуға болады. Ал, білімі жоғары деңгейдегі оқушылардан тұратын топтарға зерттеушілік дағдыны



қалыптастыратын қиын тапсырмаларды ұсынуға болады. Ақпараттармен алмасу сатысында мықты топтар кітаптағы ақпаратпен танысады, ал әлсіз топтар өзге мықты топтарды тыңдау арқылы тақырыпты тереңдей зерттеуге ынталанады.

В.В. Пасечниктің және тағы басқа ғалымдардың зерттеулері бойынша оқушылардың жеке-топтық іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру оқу-тәрбиелік істің нәтижелілігін арттырып қана қоймайды, сонымен қоса оқу материалын меңгерудің тиімділігі артады. Жеке-топтық оқу нәтижесінде оқушының білім алуға қажеттілігі артып, тәуелсіз жұмыстануды үйренеді, сабаққа жауапкершілікпен қарай бастайды және өзара бәсекелестік дамиды. Оқытудың бұл формасы арқылы мұғалім сан түрлі әдіс-тәсілдерді, оқыту құралдарын пайдалануға мүмкіндік алады. В.В. Пасечниктің пайымдауынша, әр топтың құрамы гомогенді болуы шарт. Соның нәтижесінде, оқушылар тәуелсіз жұмыстана алады, топтың белсенділігі артады. Ең бастысы, гомогенді топтың әр мүшесі берілген жұмысты орындауда ортақ нәтижеге қол жеткізуге бірдей қызығушылық танытулары қажет. Жеке-топтық жұмысты ұйымдастыруда мұғалімнің қатаң қадағалауы өте маңызды, топтық жұмыстың алдында мұғалім жазбаша немесе ауызша нұсқаулар ұсынғаны абзал [12,13].

Келесі айта кететін маңызды жайт, ол топтық жұмысты тиімді ұйымдастырудың критерийлері. Төменде ұсынылған критерийлерге сүйене отырып, топтық жұмысты ұйымдастыруда жақсы көрсеткіштер көрсетуге болады.

Топтық жұмысты ұйымдастырудың критерийлері:

1) Ең алдымен, топтың көлемін анықтау маңызды. Топтағы оқушылардың саны міндетті түрде бестен аз болуы керек. Оқушының саны аз болған сайын, топтық жұмыстың тиімділігі сәйкесінше артады. Көп жағдайда тиімді топ көлемі 3-5 оқушыдан тұрады.

2) Мұғалім оқушыларды топқа өзі бөлген жағдайда, бұл топтық жұмысты жақсы нәтижеге алып келеді. Оқушының қызығушылығына байланысты бөлінген топтың тиімділігі салыстырмалы түрде төмен болады.

3) Топтық жұмысты бастар алдында мұғалім топта жұмыстану ережелерін, берілген тапсырманы, тапсырманың мақсаты мен орындау реттілігін, сонымен қатар топты бағалау критерийлерін түсіндіріп кетуі қажет. Сонымен қоса, топтық жұмыстың нақты реттілігі көрсетілген нұсқаулықтың болғаны да дұрыс.

4) Топтық жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында топтың әр мүшесіне рөлді бөліп, міндеттерін айқындап кету маңызды. Ортақ бір мақсатқа жету үшін міндеттерді топта бөліп алу топтық жұмыста пайдалы болып саналады.

5) Топтық жұмыс соңында өзіндік бағалау, өзара бағалау және мұғалімнің бағалауын ұйымдастыруға болады. Бұл бағалау топта жіберілген қателіктерді келесіде қайталамауға мүмкіндік береді. Бұл тұста оқушылар топтық жұмыс туралы өз пікірлерімен бөлісіп, ұсыныстарын айта алады [14,15].

Қорытындылай келе, сабақ барысында топтық жұмыс технологиясын қолданудың тиімділігін арттыру мақсатында ең алдымен, топта туындайтын мәселелердің шешу жолдарын қарастырған жөн. Мәселенің бірқатары: топтық оқытуда оқушылардың сабаққа қатысу деңгейінің бірдей болмауы; топта туындайтын түсініспеушіліктердің топтық жұмысқа кері әсерін тигізуі. Міне, осы өзекті деп саналған мәселелерді шешу мақсатында бірқатар ұсыныстар көрсетілді: біріншіден, оқушылардың барлығын мақтап-мадақтау арқылы сабаққа ынталандыру, соның ішінде сабақ үлгерімі төмен оқушыға көбірек қолдау көрсету; екіншіден, топтық жұмыстың алдында оқушыларды топтық ережелермен, тапсырманы орындауда берілген нұсқаулықпен, тапсырманың мақсаты мен күтілетін нәтижелерімен және бағалау критерийлерімен таныстыру, сол арқылы топта пайда болуы мүмкін қиындықтардың, түсініспеушіліктердің алдын алу; үшіншіден топтың гомогенді және гетерогенді түрлерін тиімді пайдаланып, топта ұсынылатын рөлдерді дұрыс бөлу, соның нәтижесінде әр оқушы бірнеше топтарда жұмыстануды үйреніп қана



коймайды, оның үстіне көптеген рөлдерді ойнау арқылы сыни ойлау дағдысын дамытып, шығармашылық әлеуетін қалыптастырады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Хохлова Ю.Ю. Групповые технологии обучения как средство повышения познавательной активности и коммуникативной компетенции учащихся // Образование и общество: Открытая перспектива. – 2019. – С. 190-193.
- 2 Сафиуллина Э.В. Использование групповых методов обучения на уроках // Инновационные педагогические технологии: материалы I Междунар. науч. конф. (г. Казань, октябрь 2014г.). – Казань: Бук, 2014. – С. 8-11.
- 3 Kumpulainen K., & Kaartinen S. (2004). ‘You can see it as you wish!’ Negotiating a shared understanding in collaborative problem solving dyads. In K. Littleton, D. Miell, & D. Faulkner (Eds.), *Learning to collaborate, collaborating to learn* (pp. 67–94). Hauppauge, NY: Nova Science Publishers, Inc.
- 4 Barron B. (2003). When smart groups fail. *The Journal of the Learning Sciences*, 12, 307–359.
- 5 Cohen E.G., & Lotan R. A. (Eds.) (1997). *Working for equity in heterogeneous classrooms: Sociological theory in practice*. New York, NY: Teachers College Press.
- 6 Webb N.M., Nemer K.M., & Zuniga S. (2002). Short circuits or superconductors? Effects of group composition on high-achieving students’ science performance. *American Educational Research Journal*, 39, 943–989.
- 7 Chiu M.M., & Khoo L. (2003). Rudeness and status effects during group problem solving: Do they bias evaluations and reduce the likelihood of correct solutions? *Journal of Educational Psychology*, 95, 506–523.
- 8 Wegerif R., Linares J. P., Rojas-Drummond S., Mercer N., & Ve´lez M. (2005). Thinking together in the UK and Mexico: Transfer of an educational innovation. *Journal of Classroom Interaction*, 40, 40–48.
- 9 Rojas-Drummond S., Pe´rez V., Ve´lez M., Go´mez L., & Mendoza A. (2003). Talking for reasoning among Mexican primary school children. *Learning and Instruction*, 13, 653–670.
- 10 Gillies R. M. (2007). *Cooperative learning*. Los Angeles, CA: Sage Publications.
- 11 Rini J. E. (2014). *Learning With and From Peers*. Special Issue on Bonding.
- 12 Пасечник В.В. Организация учебно-познавательной деятельности учащихся на уроках биологии // Биология в школе. – 2014. – №10. – С. 21–26.
- 13 Пасечник В.В. Биология: методика индивидуально-групповой деятельности: учебное пособие для общеобразоват. организаций. – М.: Просвещение, 2016. – 109 с.
- 14 Tony Mellor. Group work assessment: some key considerations in developing good practice // Planet, 2012. – №25. – 18 p.
- 15 Alison Burke. Group work: How to use groups effectively // The journal of effective teaching, 2011. – №v11 n2. – 87-95 p.

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨСІМДІК ЖАМЫЛҒЫСЫНДАҒЫ ДАРА ЖАРНАҚТЫЛАР КЛАСЫНЫҢ ОРНЫ

*Бақытова Г. А., 1-курс магистранты  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.*

Батыс Қазақстан территориясы әкімшілік аумағына жатады - Батыс Қазақстан облысы, Ақтөбе облысы, Атырау облысы. Өткен жүз жылдықтың 50 жылдарынан бастап 80 жылдар арасында бұл территорияны профессор-ботаник В. В. Иванов зерттеді. Оның осы аумақта таралған өсімдіктердің 14 анықтамалығының шығарылымы жарық көрді. Оның ішінде дара жарнақтылар класына жататын бір тұқымдас қиякөлендер жарияланды, ал қалған тұқымдастар өкілдері қолжазба түрінде БҚУ-нің география және жаратылыстану факультеті биология және экология кафедрасында сақталған.

Біздің зерттеу нысаны Батыс Қазақстан аумағында таралған дара жарнақтылар класы. Дара жарнақтылар класының өкілдері жазықты, жартылай шөлейтті, шөлейтті жерлерде таралған. Сонымен қатар олар Жайық, Шаған өзендерінің жағалауларында кездеседі [1].

Сыни тұрғыдан барлық материалдарды қарастыра отырып, Батыс Қазақстан аумағында дара жарнақтылар класының 263 түрі, 78 туысы кездеседі (1-кесте).

1-кесте. Дара жарнақтылар класының флористикалық алуантүрлілігі

Класс тармағы		Тұқымдастар	Түр саны	Туыс саны
Алисматидтер (Alismatidae)	a.	Алисмалар (Alismatales)	7	2
	b.	Теңгебас (Butomaceales)	1	1
	c.	Шылыңдар (Potamogetonales)	16	3
Лалагүл (Lilidae)	a.	Лалагүлділер (Liliceae)	56	13
	b.	Сүйсіндер (Orchidaceae)	7	1
	c.	Елекшөптер (Juncaceae)	15	2
	d.	Қиякөлең (Cyperaceae)	97	47
	e.	Астық (Poaceae)	1	1
	f.	Балдыршөп (Lemneae)	5	1
	g.	Кірпібас (Sparganiaceae)	2	1
Барлығы:			263	78

Батыс Қазақстан аумағында кездесетін дара жарнақтылар класына жататын тұқымдастарының сипаттамасына кеңінен тоқталамыз. Алисматидтер (Alismatidae) класс тармағына жататын тұқымдастарға сипаттама:

- Алисмалар – көпжылдық (сирек біржылдық) шөптесін өсімдіктер. Тамырсабақтары өте қысқа, қалың. Жапырақтары ұзын сағақты. Су асты жапырақтары - сызықты, параллель жүйкеленген; жер үсті жапырақтары - ланцет немесе жұмыртқа тәрізді пластинкалы.

- Теңгебас (Butomaceales) - көпжылдық даражарнақты өсімдіктер. Сулы және батпақты жерлерде өседі. Биіктігі 40-150 см, сабағы жылтыр, қатты. Тамыр түбінен өсетін жапырақтары ұзын, төмен жағындағылары үш қырлы, жоғарғы бөлігіндегілері жалпақ, 5-10 мм. Судағы жапырақтары таспа тәрізді ұзын болады. Жемістері суда жақсы жүзеді, желмен және ағынмен таралады. Үй малдары жемейді, бірақ қояндар мен бұғыларға азық болып табылады.

- Шылындар (Potamogetonales) - суға батып өсетін көпжылдық өсімдіктер. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, сағақты немесе отырмалы, пішіні мен өлшемдері әртүрлі, жіп тәрізді және сопақшадан шар тәріздіге дейін болады. Барлығы су астында немесе су бетінде қалқып тұрады. Гүлшоғыры сұр-жасыл немесе қоңыр-жасыл масақ. Гүлдері қос жынысты, ұсақ, көп[2].

Лалагүл (Lilidae) класс тармағына жататын тұқымдастардың биологиялық сипаттамалары:

- ▶ Лалагүлділер – дара жарнақтылардың негізгі тұқымдастарының бірі. Бұл гүлдер әдетте қос жынысты, актиноморфты болып келеді. Гүлсерігі жиі 2 үш деңгейлі шеңберден тұрады, оның ішкі және сыртқы шеңберлерінің бір-бірінен айырмашылығы жоқ, сирек – гүлсерігі төрт деңгейлі болады. Жемісі – жидек және қорапша (3 ұяшықтанған). Жапырағы жиі шоғыршақ, кей кезде 2 жапырақты не 4 жапырақты болады. Вегетативті көбеюі: өнім жуашығы (Gagea, Allium), бадана (Tulipa, Ornithogalum), түйнек бадана (Fritillaria), тамыр сабақ (Convallaria, Asparagus, Polygonatum). А.Л.Тахаджянның (1966 ж.) тұжырымы бойынша ең ескі түрі – тамыр сабақ, ал жасы, соңғысы – жуашықты түрі. Бұл тұқымдастар алкалоидтарға бай. Көбісі сәндік өсімдік. Тұқымдардың таралу әдісі бойынша жиі баллист-анемохорға, сирек – зоохорға жатады, көбісі – мирмекофильді болып келеді[3].

- ▶ Сүйсіндер (Orchidaceae) - даражарнақты өсімдіктердің ең үлкен тұқымдастарының бірі. Тіршілік формасы – көпжылдық құрлықтық немесе эпифитті шөптесін өсімдіктер. Жапырақтар бүтін жиікті, кезектесіп орналасқан. Гүлдері зигоморфты, қос, дара жынысты, жеке немесе масақ гүлшоғырына топталған. Гүлсерігі 6 жапырақшадан тұрады, олар екі шеңберде орналасқан[4].

- ▶ Елекшөптер (Juncaceae) - бір жылдық немесе көпжылдық шөптесін өсімдіктер, сирек бұталар. Сабағы жұмыр, кейде қабысыңқы, іші қуыс, сырты жапырақты, кейде жапырақсыз. Жапырақтары жалпақ немесе жұмыр. Гүлдері қос жынысты, ұсақ, көкшіл, сарғыш, қоңырқай түсті, 6 желектен тұрады. Аталығы 6, кейде 3, аналығы – біреу. Гүлшоғыры шашақ немесе шатырша тәрізді. Жел арқылы айқас тозаңданады. Жемісі – қорапша, бір немесе үш ұялы. Ірі үш тұқымды немесе ұсақ көп тұқымды. Елекшөптер тұқыммен немесе вегетативті жолмен тамырсабақ арқылы таралады.

